

# KASE АПТАЛЫҒЫ

11 – 15 қараша,  
2024

## KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2024 жылдың қазан айындағы биржалық нарықтың жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE "ҚазТрансОйл" АҚ арналған "Эмитент күнін" [өткізді](#).
- KASE "Кселл" АҚ арналған "Эмитент күнін" [өткізді](#).
- KASE ресми тізіміне Қостанай облысы әкімдігінің [KZMJ00002095](#) (KSK022\_209), Ақтөбе облысы әкімдігінің [KZMJ00002103](#) (ABK022\_210), "GOLDFINMARKET" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00012719](#) (MFLGb5) және [KZ2P00012727](#) (MFLGb6), "Фридом Банк Қазақстан" АҚ [KZ2C00012623](#) (FFBNB5) және [KZ2C00012631](#) (FFBNB6) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CDH16](#) (US121\_2411), Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің [XS2252216937](#) (EBRDe12) және [XS2404974508](#) (EBRDe14) халықаралық облигациялары, "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2P00008162](#) (MFOkб2), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ [KZ2C00002301](#) (SKKZB10), "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00010234](#) (MFAFb4) және [KZ2P00010242](#) (MFAFb5) және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ [KZ2C00004380](#) (TMJLb5) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "Mogo Kazakhstan" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00012651](#) (MFMOб10), "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00012230](#) (MFLGb4) және [KZ2P00011505](#) (mfafb6) "аФинанс Микроқаржы ұйымы" ЖШС облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- Облигациялар "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00011802](#) (MFAFb8), "Mogo Kazakhstan (Mogo Казахстан)" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00012305](#) (MFMOб7), [KZ2P00012545](#) (MFMOб8) және [KZ2P00012552](#) (MFMOб9) "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің [KZMJ00001444](#) (SKK024\_144) облигациялары мерзімінен бұрын өтеуге байланысты KASE ресми тізімінен шығарылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 22,1 млн МЕОКАМ [KZK200000679](#) (MOM060\_0052) орналастырды.
- Қостанай облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00002095 (KSK022\_209) облигацияларын орналастыру арқылы 2,8 млрд теңге [тартты](#).
- Ақтөбе облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00002103 (ABK022\_210) облигацияларын орналастыру арқылы 4,2 млрд теңге [тартты](#).
- "MyCar Finance" МҚҰ" ЖШС KASE-де KZ2P00011968 (MFMCb2) облигацияларын орналастыру арқылы 3,0 млрд теңге [тартты](#).

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Эйр Астана" АҚ 06-11 қараша аралығында өз бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ XS2472852610, US48129VAA44 (BRKZe13) облигацияларын кері сатып алу туралы ұсыныстың түпкілікті нәтижелері туралы [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2024 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелер туралы [хабарлады](#).
- Freedom Holding Corp. 2025 қаржы жылының екінші тоқсанындағы нәтижелері туралы есеп [береді](#).
- "Кселл" АҚ 2024 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "BCC Invest" АҚ Moody's Ratings агенттігі оған рейтингтер бергені туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "RETAM" АИЖМҚ" АҚ 2024 жылдың бірінші тоқсанында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ 2023 жылға жай акциялар бойынша [қосымша](#) дивидендтер төледі.


15.11.2024	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 380,75	1,0	4,5
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "ForteBank"	6,07	6,5	19,0
АО "Народный Банк Казахстана"	238,30	5,4	14,6
PayPal Holdings Inc.	86,00	4,3	7,8
Freedom Holding Corp.	118,00	3,1	20,4
Starbucks Corporation	99,24	2,9	4,5
АО "Банк ЦентрКредит"	1 985,98	2,4	3,9
АО "Казактелеком"	40 700,00	1,3	7,1
АО "Эйр Астана"	820,00	1,3	4,5
АО "КазТрансОйл"	819,40	1,2	0,3
АО "Казахстанская фондовая биржа"	55 475,00	0,9	1,0
Ford Motor Company	11,16	0,7	1,0
Microsoft Corporation	424,00	0,5	1,5
АО "НАК "Казатомпром"	19 530,00	0,2	4,3
Apple Inc.	227,30	0,1	- 2,7
АО "KEGOC"	1 450,01	0,1	- 4,9
Tesla, Inc.	319,98	- 0,0	42,2
АО "Кселл"	3 449,50	- 0,0	5,7
АО Kaspersky	56 360,00	- 0,9	3,4
АО "Национальная компания "КазМунай"	13 255,00	- 1,1	- 4,2
NVIDIA Corp.	145,45	- 1,7	11,0
Intel Corporation	24,45	- 5,9	6,7
Pfizer Inc.	25,40	- 7,5	- 14,7
Advanced Micro Devices, Inc.	137,00	- 9,3	- 13,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексі жасыл аймақта жабылып, 1,0 %-ға 5 381 тармаққа дейін өсті.

Жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бағдарламасы аясында Қазақстан Халық Банкі 4-6 қараша аралығында жалпы сомасы 485 мың АҚШ долларын құрайтын 27 мың өзінің бағалы қағаздарын сатып алды. ЖДҚ 18,15 доллардан 18,30 долларға дейін сатып алынды. Апта қорытындысы бойынша Халық банкінің акциялары 5,4 %-ға өсті.

KASE индексіне кіретін басқа қаржы компанияларының акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті: Kaspersky акциялары 0,9 %-ға төмендеді, ал ЦентрКредит Банкінің акциялары 2,4 %-ға өсті.

Эйр Астана Халық Банкінің ізіменн бағалы қағаздарды кері сатып алу нәтижелерін жариялады. 6-11 қараша аралығында компания жалпы сомасы 8 217 мың болатын 83 мың акцияны және жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алды. Қағаздар бойынша орташа сараланған баға күніне 780-ден 818 теңгеге дейін өзгерді. Эйр Астана сатып кері алу бағдарламасын іске асыру шеңберінде барлығы 5,9 млн АҚШ долларына бағалы қағаздар кері сатып алды. Апта қорытындысы бойынша Эйр Астана акциялары 1,3 %-ға өскенін тіркеді.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің болжамына сәйкес, 2025 жылы әлемдік нарықта Қытай тарапынан сұраныстың төмендеуі, ОПЕК-ке кірмейтін елдерден жеткізілімдердің ұлғаюы және жасыл энергетиканың белсенді дамуы аясында тәулігіне 1 млн баррельден астам мұнай ұсынысының артық болуы күтілуде. Мұнай бағасының төмендеуі аясында ҚазМұнайГаз акциялары бағадан 1,1 % жоғалтып, акция үшін 13 255 теңге белгісіне жетіп, шамалы төмендеуді көрсетті.

Мұнай секторының тағы бір өкілі – ҚазТрансОйл компаниясының акция құны 1,2 %-ға 820 теңгеге дейін өсті. Компания ағымдағы жылдың тоғыз айындағы оң қаржылық нәтижелер туралы хабарлады. Осылайша, ҚазТрансОйл шоғырландырылған кірісі 230 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың 9 айындағы көрсеткіштен 10 %-ға жоғары. Компания Өзбекстанға мұнай транзитін 2,4 есе арттырды, Қытайға жөнелту 0,8 %-ға өсті.


Қазатомөнеркәсіптің акциялары бір апта ішінде бір акция үшін 0,3 %-ға 19 543 теңгеге дейін өсті. Қазатомөнеркәсіп пен Orange Group атом саласы үшін білім беру және кадрлар даярлау саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды, бұл компанияға уранды байыту жөніндегі озық технологияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

KASE Индексінің телекоммуникация секторының акциялары аралас динамиканы көрсетті: Кселл акциялары бір аптада 1 % - дан 3 450 теңгеге дейін төмендеді, ал Қазақтелеком акциялары 1,5 %-ға 40 765 теңге деңгейіне дейін өсті.




Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,65%, ал TWINA индикаторы 13,83% құрады.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Қазан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,5 %-ға, АҚШ доллары үшін 488,23 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда


222 млн АҚШ долларынан 278 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату қазан айында 1 340 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 22 % құрады және күніне 70 млн АҚШ долларынан аспайды. ЖЗҚ валюталық активтерінің үлесінің 40 % деңгейіне жетуін ескере отырып, ағымдағы жылдың 10 қазанынан бастап Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды тоқтатты. ЖЗҚ зейнетақы активтері үшін шетел валютасын сатып алу сомасы қазан айында 228 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 4 % құрады

Қазан айында аталған операция шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінен сату көлемі 253 млн АҚШ долларын құрады, 2024 жылдың қарашасында алтын-валюта резервтерінен валютаны сату 130-дан 140 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде. Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың қарашасында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1,2-ден 1,3 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді. 2024 жылдың 30 қазанындағы жағдай бойынша 39,9 % құраған зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ескере отырып, 2024 жылдың қарашасында БЖЗҚ үшін валюта сатып алу жоспарланбайды.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**


Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	628,57	-1,37	-2,09	12,17
— USDKZT	495,95	0,86	1,32	6,74
— EURKZT	524,37	-1,06	-2,32	5,31
— CNYKZT	68,62	-0,10	-0,51	2,14
— RUBKZT	4,98	-1,39	-1,39	-22,71

**Brent мұнай құны**

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	5 870,62	-2,1	0,5	30,2	-2,1
Dow Jones	43 444,99	-1,2	0,9	24,3	-1,3
PTC	862,94	-2,0	-4,3	-23,6	
МММБ	2 739,21	0,2	-1,6	-14,1	
Hang Seng	19 426,34	-6,3	-4,2	8,9	-5,7
SS CSI 300	3 968,83	-3,3	3,6	11,1	-2,9
Euro Stoxx 50	4 794,85	-0,2	-2,3	11,4	-0,1
FTSEuroFirst	5 398,50	-1,0	-3,1	11,7	-0,3
FTSE 100	8 063,61	-0,1	-3,2	8,8	0,1
KASE	5 380,75	1,0	4,5	31,7	

Шикізат нарығы

15.11.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	71,04	-3,8	-4,3	-8,2
Мұнай (WTI)	67,02	-4,8	-4,8	-8,1
Табиғи газ	2,82	5,8	19,3	-7,8
Мыс	406,45	-5,6	-6,9	9,8
Темір	756,00	-4,1	-3,9	-23,3
Алтын	2 563,25	-4,5	-4,1	29,2
Күміс	30,43	-3,2	-4,8	27,2
Астық	536,50	-6,3	-8,3	-3,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
19.11 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (окт)</u>	EUR	2,0%	1,7%
20.11 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (окт)</u>	GBP	2,2%	1,7%
21.11 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	220К	217К
21.11 <u>Филадельфия ФРБ өндірістік белсенділік индексі (қараша)</u>	USD	6,3	10,3
22.11 <u>Германияның ЖІӨ (тоқ/тоқ) (3 тоқсан)</u>	EUR	0,2%	-0,1%
22.11 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	USD	220К	216К
22.11 <u>Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	USD	4,75%	5,00%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,5%	01.11.24	8,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	45,9	01.11.24	44,6
Ақша базасы, млрд KZT	13 540,0	01.11.24	13 741,7
Ақша масса, млрд KZT	41 897,0	01.11.24	40 719,7

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
	BBB/тұрақты	17.05.24	BBB/тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.